

Қостанай облысының азаматтарына емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүруді ұсыну туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2012 жылғы 19 шілдедегі № 61 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 тамызда № 3824 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2021 жылғы 18 тамыздағы № 81 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 18.08.2021 № 81 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9 бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай облысының азаматтарына елді мекен шегінен тысқары жерлерге емделу үшін бюджет қаражаты есебінен тегін жол жүру берілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне жіберген азаматтарға тегін немесе жеңілдікпен жол жүрулеріне көмек көрсету туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 қыркүйектегі № 227 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3510 нөмірімен тіркелген, 2005 жылғы 18 қазанда "Қостанайские новости", "Қостанай таңы" газеттерінде жарияланған).

2) "Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне жіберілген азаматтарға тегін немесе жеңілдікпен жол жүрулеріне көмек көрсету туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 қыркүйектегі № 227 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 43 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3586 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 16 қаңтарда "Қостанай таңы", 2008 жылғы 12 ақпанда "Қостанайские новости" газеттерінде жарияланған).

3) "Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне жіберілген азаматтарға тегін немесе жеңілдікпен жол жүрулеріне көмек көрсету

туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 қыркүйектегі № 227 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 шілдедегі № 115 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3647 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 15 тамызда "Қостанай таңы", 21 тамызда "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Р. Бектұрғанова

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігінің

денсаулық сақтау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ О. Бекмағамбетов

"Қостанай облысы әкімдігінің

қаржы басқармасы" мемлекеттік

мекеме бастығының міндетін атқарушы

_____ Қ. Жүсіпов

"Қостанай облысы әкімдігінің

экономика және бюджеттік

жоспарлау басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

_____ Г. Кисленкова